



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

так называемые полурифмы: первая и третья строчки первой строфы включают лишь небольшое сходство ударных и неударных гласных звуков war/warships, а вторая и четвертая строки рифмуются полностью. Во второй строфе слова questions/suns, hour/pier тоже можно также охарактеризовать как полурифмы.

То же самое происходит в переводе стихотворения «На поле Куликовом»:

«О, Русь моя! Жена моя! До боли

Нам ясен долгий путь!

Наш путь - стрелой татарской древней воли

Пронзил нам грудь...[5]»

И в переводе:

«Russia, my darling Russia, painfully

clear is the road we ride.

Like the arrow of Tartar liberty

roadpierceside...[2]»

Рифма в переводе содержится только во второй и четвертой строчке.

Стихотворная форма диктует известные ограничения при переводе, требует определенных жертв. Однако важно отметить, что нельзя жертвовать смыслом (смысл поэтического текста, как основная идея автора), а также стилем. Если переводчик фокусируется на максимально близкой передаче формы стихотворения (рифма, метрическая композиция), то он может потерять смысл и стилистические особенности произведения.

В одном интервью Питер Франс (один из переводчиков А. Блока) на вопрос, какими же качествами должен обладать переводчик, отвечал: «Быть переводчиком поэзии – значит быть немного сумасшедшим! Это очень специфическое занятие. Надо быть готовым к тому, что твой труд оценят далеко не все, что он вполне может не понравиться и тебе самому, что не оправдаешь собственных ожиданий. Ну и, конечно, нужно знать обе культуры, и как можно лучше» [6].

То есть, исходя из всего вышеизложенного, можно сказать, что поэзия, в принципе, переводима, но ничто не происходит без изменений. Всегда есть что-то, что переводчику нужно опустить (междометия, устаревшие слова и др.) и то, что необходимо добавить (артикли, временные формы глагола и т.д.). В соответствии с задачами, поставленными перед переводчиком, переводчик вправе использовать различные стилистические приемы, переводческие трансформации, применять различные модели и теории перевода. Цель лишь одна – перевод не должен исказить смысл, идею, настроение и стиль оригинала.

Список использованных источников

1. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. Учебное пособие. - М.: ЭТС. – 2002.
2. Некоторые проблемы перевода русской поэзии на английский язык. Эвалд Озерс (Великобритания)Перевод Д. Кузнецовой 01.06.2013
3. Markov, V. and Sparks, M. Modern Russian Poetry (MacGibbon&Kee, 1966)
4. Jon Stallworthy and Peter France. Selected Poems (Poetry pleiade) – 27 Jul 2000.
5. А. Блок. Избранное. Стихотворения и поэмы. Сборник стихотворений – Москва, «Детская литература», 1978. С. 102, 109, 129.
6. Интервью с переводчиками (Мосты, 1, 2011) Эдинбург, октябрь 2010 г. Перевод С. А. Алексеевой

УДК 951.926

МУНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ МӘТІНДЕРДІҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Саржанова Әсем Бақытжанқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Сәтенова С.К.

Бүгіндееліміздің барлық саласында қазақ тілінің аясын кеңейтуге байланысты түрлі шараатқаралып келеді. Бұл жұмыс іс-қағаздарын біртіндеп мемлекеттік тілге көшіру ментехникалық терминдерді бір ізгетүсіруден бас тау алады. Десе де мұнай және газ саласындатерминдерді қазақшалау, арнайы сөздіктер құрасыру ісінде кемшіл тұстар жоқ емес.

Қазіргі қоғамда мемлекеттік тілдің техника ғылымындағы қолданысаясы аудармамен шектеліп тұрғаны белгілі. Ғылыми баяндамалардың, монографиялардың, диссертациялардың, есептердің, ғылыми жобалардың, өнертабыс жазбаларының көпшілігі орыстілінде дайындалып, қазақшағааударылып жатады.

Техникалық аудармаларсапалы болуы үшін не керек?

Біріншіден, екі тілді еркін меңгерген, ісқағаздарын екі тілде десауатты жазатын, техникалық білімі бараудармашылар керек. Өйткені, екі тілдің қыр-сырын мүлтіксіз меңгермеген, техникалық білімі жоқ адам көпкетүсінікті аударма жасай алмайды. Қазіргі аудармашылар кімдер? Негізінен, журналистер, филологтар, тарихшылар, орта мектептерде қазақ тілі мен әдебиетіненсабақ беретін мұғалімдераудармамен көп айналысады. Алайдаолардың техникалық мәтіндерді аударуға қалам тартуы қиын. Өйткені олардың техникалық білімі жоқ болғандықтан, кейбіртерминдерді сөзбе-сөз аударып, сөйлемнің мағынасын бұзып жатады. Нәтижесіндесауатсыз аудармалар дүниеге келеді.

Сөздікті жұмыс барысында қолдану кәсіби ынтатуғызады. Тілге жеңіл, жұп-жұмыраударылған сөздік түсінікті әрі анық. Бұл мұнай-газ саласына қызығушылық танытатын оқырманның құнды мәліметтералуынатаптырмайтын құрал болмақ. Оның құндылығы даосында [1, 63 б.].

Мұнай-газ тақырыбы бойыншааударматехникалық аудармасаласындағы күрделі аудармалардың бірі болып саналады, өйткені ол арнаулы терминология мен кәсіби жаргондар шоғырының жоғары болуыменерекшеленеді. Бұл аудармашыларғаерекшеталаптар қойып, олардаарнайы машықтардың болуын талап ететіні анық.

Мұнай-газ тақырыбы бойынша мәтіндермен жұмыстың табысты болу кепілдіктерінің бірі – бұл осы саладағы өндірістік процесстерді түсіну, аударматілін өте жақсы меңгерумен және логикалық қисындар құрастырумен қатар пәндік білімдердің болуы.

Мұнай саласының лексикасында шеттілінененгентехникалық терминдеререкшетоқталып кетуді қажететеді. Шеттілінің сөздеріне мүмкіндігіншеанатілімізден жәнетуыстастүркі тілдерінен баламатауып, ондай мүмкіндік болмаған жағдайдаоларды тіліміздің ішкі заңдылығына бағындыра қабылдасақ терминдеріміз дұрыс қалыптасқан болареді.

Тілдердің арасындаортақ интернационализм болмаса немесеаз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі деп байбалам салудың бәрі бекер.

Жер жүзіндетермин ұғымдарының бәрін шеттілі сөздері арқылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп, ғылым ментехниканы дамытып отырған қытай, жапон, т.б. халықтарын атап көрсетуге болады.

Кірме күрделі терминдерді құрылымына қарай екі топқа жіктеп қарастырамыз.

Мұнай кірметерминдері біршама белгілі сөз тіркестерінен жасалған. Тіркесті терминдерді компоненттерінің қай тілдененгеніне байланысты төмендегідей екі топқа бөліп қарастырдық.

Екі компонентті кірметерминдердентұратын анықтауыштық қатынастағы тіркесті терминдер.

Мысал: металл изолятор, дроссельдік эффект, ребортты шкиф, механикалық қаратаж,

магнит каратаж.

Бір компонентті төл сөзден, екінші кірмесөзден тұратын тіркесті терминдер : бензин буы, газ қондырғылары цементерітіндісі, герметикалық құрылғы, бұрғылау мастері, нақтылы диаметр, бұрғы станогы, құбыр муфтасы, бұрғылау технологиясы т.б.

Енді осы терминдердің тағы біререкшелігі көп жағдайда екінші компонентін етуелдік жалғауының үшінші жағына келетін терминдер : таль жүйесі , газ қысымы , жуу секторы , шарошкатиістері, мотор майлары, бұрғылау рейсі, ротор ішпектері, газ торабын, т.б.

Біздің пікірімізше, кірметехнология – әрбір кіргентілдің халықаралық лексикалық қоры.

Оның құрамына ең кемінде үш бір-біріментуыстық жақындығы жоқ тілдердегі жазылуы менайтылуы лексикалық мағынасы бірсөздер жатады. Кірметерминдерінің сіңісіп кетуі жеңіл мәселе емес.

Ол көбінесе өмір қажеттілігі, баламасының болмауы салдарынан біздің тілімізге енеді [2, 69 б.].

Қазіргі термин қолдану практикасында негізгі үш түрлі бағыттың – интернационалдық терминдерді аудармай алу; шетел немесе орыстіліндегі сөздердің мағынасын дұрыс бере алатын қазақ сөздерін пайдалану; қазақ тілінің нормасына сай келетін жаңа терминдер жасау күнделікті дәстүрге айналып отыр.

Мәселен, *ұңғы* сөзінің орнына *скважина*, *құбіршек* сөзінің орнына *шланка*, *шикізат қоры* тіркесінің орнына *шикізат базасы* деген тіркестер қолданыла береді.

Ғылым ментехника жетіс тігін орыстілі арқылы меңгерген қазіргі қазақ тілі үшін орыстілінің осы бір «жасанды» әсері кереғар ықпал етуде. Қазақ тілі сөз келбетін сақтау үшін, өзіндік заңдылықтарын бұзбау үшін, ғылыми техникалық атаулар қазақ тілінде меңгерілуі тиіс, қазақшасөйлеуі тиіс.

Мәселен, каратаж деген терминнің орнына – *ұңғы қабырғасын құрас тұратын тау жыныстарының физикалық қасиеттерін білуге арналған зерттеу әдісі* деп қазақшалап айтуға да болады, алайда мұндай шұбалаңқылықтан терминдік ұғым атаулық мән бере алмайды.

Ғылым ментехника саласындағы ұғымдарды білдіретін атаулар терминдік жүйеге түсу үшін белгілі бір жағдай керек, яғни ең алдымен ғылым саласы, сол ғылым саласын айқындайтын ұғымдар қалыптасу керек.

Терминдер әдеби тілдің бөлшегі ретінде жалпы халықтық негізде дамиды десек, терминдерді зерттегенде, оның негізгі көзі болып табылатын жалпы халықаралық тілді ешқашан ес тән шығармауымыз қажет. Оның қыр-сырын біліп, ондағы терминдік ұғымды білдіру мүмкіншілігі бар атауларды ажырата білу керек [3, 25 б.].

Термин – әрелдің сөзінен алынса да, мысалы, «еңбек» , «ақша» немесе халықаралық сөзбен алынса да, мысалы, «капитал», «валюта» сияқты – қашан да халықаралық болады, өйткені бұлардың екеуі де жер жүзіне белгілі ортақ ұғымдарды білдіреді.

Өндіріс бүкіл дүние жүзінде с тандарт түрге көшкенін көреміз, осының белгісі болып халықаралық с тандарттерминдер көбейеді , өзі көбінесе халықаралық с тандартсөзбен айтылатын болады, мұнай лексикасында халықаралық с тандарттерминдердің көп болуына осы өндірістің халықаралық деңгейде дамуы негіз болып отыр деуге болады.

Сондықтан, өзге елдердің ғылыми еңбектерін , зерттеулерін қазақ тіліне аударғанда терминдердің даярлығына қызықпай , ана тілімізден сөз қарс тұрып табуымыз керек. Сонда біздің тіліміз таза болады, онда мұнай саласындағы терминдерді ұлт тілінде дамытатүсу керектігі тіл білімі үшін қазақ тілінің болашағы үшін, қала берді ғылым тілін қазақшасөйлету үшін аса қажет шаралардың бірі болып қала бермек.

Дегенмен олардың сәтті шыққандарын елеп -екшеп алып , төл терминологиямызды қалыптастыруымыз қажет. Жаңа терминдердің дүниеге келуі қалыптасқан ғылым тілін, терминологиямызды бұзу емес, керісінше дұрыс қалыптасқан қазақ терминологиясын қалпына келтіруге ізгі қадам жасау.

Қазіргі кезде ұлттық тіл байлығымызды жаңғыртып, мүмкіндігінше төл тілімізді сарқа пайдаланып, термин жасам бағыты дамып келе жатыр. Ғылымды қазақшалауға бағытталған пікірлердің де мол екендігіне көз жеткізіп отырмыз [4, 18 б.].

Лексикалық трансформация әдісі, аудару әдістерінің ең қысқа да ыңғайлы аудару жолы, түсінік беру арқылы жүзеге асады. Яғни, ағылшын сөздерін қазақ тіліндегі сәйкес келетін эквиваленттерімен аударылады, мысалы: *collar workers* – қызметші, қызметкер; *gravitation* – жердің тартылыс заңы; *to model the behaviour of fluids* – газ тәрізді немесе сұйық заттардың қозғалыс тәртібінің үлгісін бейнелеу.

Транскрипциялау әдісі – шет тіліндегі сөздің түпнұсқасын дыбыс тау арқылы аудару. Бұл әдіс жер, су атауларын, ұйымдар атауларын, көптеген неологизмдерді аударғанда кеңінен қолданылады. Мысалы:

Automation is one of the ways to increase production. – Автоматизациялау өндіріс ті арттырудың бір жолы.

Транслитерация әдісі деп аудармада сөз түпнұсқасын графикалық формасының берілуін айтамыз. Мысалы:

The Finnish plant was built on 60-year purchase contracts signed by electricity buyers, by a firm (the French Areva) that scarcely seems to be making good money on the deal . – Финдық құрылыстар, Areva атты француз ұйымының электр тоғын сатып алушылардың келісімі бойынша 60 жылға салынған және де жақсы кіріс, табыс алып келетін сияқты.

Негізгі аудару әдіс теріне жататындар: *конкретизация әдісі, генерализация, яғни жалпылау әдісі, модуляция немесе мағыналық даму әдісі.*

Конкретизация әдісін қолдана отырып, аудармашы берілген сөздің аударылатын тілдегі нақты мағынасын қолданады. Мысалы:

The settlement may be considered to be of primary importance to the industries concerned . – Бұл шешім, өнеркәсіптің қатысты салаларына шешуші маңызы бар деп есептесек болады . Можно считать , что это решение (урегулирование) имеет решающее значение для тех отраслей промышленности, которых оно касается [6, 36 б.].

Генерализация, яғни жалпылау әдісі, шет тіліндегі тар шеңберлі сөздің аудару барысында кең шеңберлі сөз бірлігімен алмас тұруды дегенді білдіреді. Мысалы: *to dissipate* сөзі қазақша – арылу; бытырау; себу; сейілу; серпілу деп аударылады бірақ «*to dissipate high power*» сөз тіркесі – «жоғары деңгейде қуат өндіру» деп аударылады.

Модуляция немесе мағыналық даму әдісі – шет тіліндегі сөздің аударылатын тілге бастапқы бірліктің мағынасынан логикалық тұрғыдан аударылуын айтамыз. Мысалы: *to filter out unwanted frequencies* – жағымсыз жиіліктен құтылу.

Атомдық энергияның дамуымен қатар жаңа неологизмдер де қолданысқа ие болды: *atomic-powered vessel* – атомдық кеме, *decontamination* – қатерсіздендіру, *dosimeter* – дозиметр (радиацияны өлшейтін құрал) және т.б.

Шындығында, неологизмдер, тілдегі бар сөзжасам әдіс терін қолдана отырып, тілдік салттың негізінде пайда болады. Мысалы, ағылшын тіліндегі неологизм *to dieselize* етістігі *to equalize, to organize* сөздерінің негізінде *diesel* сөзіне *-ize* жұрнақ жалғануы арқылы жасалды.

Егер контекстте сөздікке енгізілмеген неологизм кездесе жоғарыда айттып кеткендей , аудармашы контекстік мағынаға және де сөзжасам бірліктеріне сүйене отырып, неологизмнің мағынасын анықтайды. Мысалы:

Сөйлемде сөздікте жоқ *propellant* неологизмін кездес тіреміз, мұндағы түбір сөз *propel*. Сөздіктегі *propel* сөзінің етістік ретінде мағынасы: *алға шығу, қозғалтқышты іске қосу, ант* жұрнағы зат есімнен етістік жасаушы жұрнақ екендігін ескере отырып мағынасын анықтасақ – *propellant*: іске қосушы зат. Контекстің мазмұнына сәйкес мағына- жағармай. Толық сөйлемді аударсақ:

Реактивті ұшақтар жағармайды үлкен көлемде жұмсайды.

Қорыта айтқанда, ғылыми-техникалық әдебиет және ғылыми мәтіннің аудармаларына деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. Сондықтан аударма мәселесіне айрықша көңіл бөлген жөн. Әрбір термин сала мамандарының сүзгісінен өтсе ғана, аударманың сәтті шығуына алаңдаушылық тумас еді. Ал, қазақ тілінің жайына келетін болсақ, қазақтың әрбіразаматы, қай салада болмасын қазақ тілінде ойланып, қазақ тілінде жаза білуі тиіс , өйткені Елбасы айтқандай «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде».

Қолданылған әдебиет

1. Левый И. Искусство перевода. – М.: Прогресс, 2004.
2. Федоров А. Искусство перевода и жизнь литературы. – Л.: Советский писатель, 2003.
3. Алексеева И. С. Введение в переводоведение. Учебное пособие. Серия: Высшее профессиональное образование, 2008.
4. Алдашева А. М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999.
5. Борисова Л. И. Перевод неологизмов с английского языка на русский в научно-технических текстах. – М.: ВЦП, 2006.
6. Борисова Л. И. Пособия по научно-техническому переводу (методологический обзор). – М.: МПУ, 2000.

УДК 347.78.034

ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Сыдыкова Жансая Амангелдиевна

zhan_happy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – З.М. Сагадиева

Адамзаттың рухани дамуының әр түрлі сатыларында қалыптасқан наным-сенімдер мен діндерден, бүкіл әлем халықтарының әдет-ғұрыптарынан, салт-саналарынан және тілдерінен орын алған сан-алуан тыйымдар немесе табу этнолингвистикалық құбылыс ретінде ғылыми әлемнің назарын өзіне ертеден-ақ аударып келген.

Табудың шығуын, таралуын және түрлерін этнографиялық тұрғыдан бүкіл әлемдік деңгейде зерттеушілердің бірі – ағылшындардың Эдуард Тэйлор бастаған антропологиялық мектебінің ірі өкілі Джеймс Фрэзер болатын. Ғалымның он екі кітаптан тұратын «The Golden Bough» («Алтын бұлақ») атты ірі ғылыми еңбегінің екінші томы дүние жүзі халықтарының мәдениетіндегі жалпы табу мәселесіне арналған. Онда Дж. Фрэзер табу атаулыны үлкен-үлкен төрт топқа бөліп, біріншіге – тыйым салынған іс-әрекеттерді, екіншіге – адамдарды, үшіншіге – заттарды, ал төртінші топқа тыйым салынған сөздерді жатқызады. Тыйым салынған сөздер де табудың басқа топтары секілді тек этнографиялық тұрғыдан ғана қарастырылады. Ал табу сөздерді алмастырып отыратын эвфемизмдерге нақты мысалдар келтірілгенмен, оларға лингвистика тұрғысынан жете талдау жасалмайды. Дж. Фрэзердің аталған еңбегі кейіннен орыс тіліне де аударылып басылды. Бірақ оның көлемі түпнұсқаға қарағанда әлдеқайда қысқарып, төрт-ақ кітап болып шықты. Сондақтан да болар, ондағы табу сөздермен байланысты мәліметтер де түпнұсқадағы мөлшерден көп азайып қалған [1].

Тарихи тұрғыдан, табу атаулының барлығы делік діни наным-сенімдердің негізінде қалыптанғандықтан, алғашқыда оларды теология тұрғысынан қарастыратын ғылыми еңбектер басымдау болды. Мысалы, Ф. Б. Джевонздың «An Introductio to the history of Religion» («Дін тарихына кіріспе») немесе В. Р. Смиттің «Religion of the Semites» («Тотемизм және экзогамия») деп аталатын еңбектері солардың қатарына жатады. Жоғарыда есімі аталған Дж. Фрэзер де табуды діни нанымдармен байланыстыра қарастырды. Мәселен, оның «Totemism and Exogamy» («Тотемизм және экзогамия») деп аталатын монографиясы да дәл сондай еңбектердің бірі. Ғалым бұл зерттеуінде тотемге табынудың ертеректе өте кең таралған наным екендігін жан-жақты дәлелдеумен қатар, сол нанымның, яғни тотемизмнің негізінде қалыптасқан дүние жүзі халықтарының басым көпшілігіне тән некемен байланысты тыйымдардың сан-алуан түрлеріне тоқталады. Ол тыйымдардың ішінде түркі халықтарына